

№1 менгеруші жанындағы кеңес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы

№1 менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 14.09.2021ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін менгерту.
2. Күн тәртіндегі сауықтыру шараларын талдау.
3. Ертеңгілік сценарилерді бекіту.
4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту.

Тыңдалды:

1. Балабақша менгеруші жаңа оку жылдары алғашқы менгеруші жанындағы кеңестің күн тәртібі мен таныстыруды. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін менгерту» тақырыбындағы тәрбиеші А.Әзімова баяндамасы тыңдалды. Балабақшада берілген тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан - жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында «Мектепке дейінгі тәрбиесіндегі білім берудің алғашқы сатысы. Ол баланың жеке бас ерекшелігін ескере отырып дамытатын орталық» делінген. Демек, бала - біздің болашағымыз болса, баланың болашағы біздің қолымызда. Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет - тәуелсіз мемлекетіміздің үйі бол қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас үрпақты тәрбиелеу, тиянақты білім беру. Танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың бағыттары:

- түсіндіру, суреттеу, «ойын» технологиясы арқылы оқыту.
- оқыту принципі, әдіс- тәсілдеріне сүйене отырып білім беру.
- сабактан тыс өткізілетін шаралар, жекелей жұмыстар, қосымша үйірмелер арқылы әрі қарай дамыту. Осылайша балалармен жұмыстар жүргізіліп отыруымыз бүгінгі күннің талабы деп өз ойын қорытындылады.

2. Күн тәртіндегі сауықтыру шараларын талдау бойынша балабақша әдіскері Э.Куандыкованың талдауы тыңдалды. Баланың балабақшага жылдам және ауыртпалықсыз бейімделуі үшін ата-аналар баланы мектепке дейінгі білім беру мекемесіне дейін біраз уақыт дайындаулары керек. Баланың жаңа ортада қалай сезілетініне үлкен әсер етеді, күнделікті өмірде ойнайды. Әр балабақшада күн тәртібі бар екені белгілі. Ұйықтау, ойындар, тамақтану және балабақша сабактары белгілі бір сағаттарда өткізіледі. Баланы балабақшага берер алдында ата-аналар үйде бір күнді үйкі мен тамақтану уақытын балабақшадағыдай сағатта өткізетін етіп үйымдастырулары керек. Бұл үшін ата-аналар күн тәртібінің балабақшада екенін білуі керек. Балабақшадағы жұмыс режимін үйимдастыру балалардың жасына байланысты белсенді ойындарға, сабактарға және демалыстарға жеткілікті уақытқа жететін етіп

жасалған. Балабақшадағы баланың жағдайы әртүрлі болуы мүмкін, бірақ әрбір мектепке дейінгі мекеме бірдей жалпы ережелерге бағынады деп талдауын аяқтады.

3. Балабақша менгерушісінің У.М.А Ж.Каназарова жыл бойына өтетін ертеңгілік сценарилерді бекітті. Әрине өзіміздің жыл бойында дәстүрлі аталып келе жатқан мерекелеріміз белгілі, оны міндетте түрде ұйымдастырып өткізіп отырамыз. Одан барлықтарыңыз хабардарсыздар. Ертеңгіліктерді өз деңгейінде ұйымдастырып өткізу қадағалауды балабақша әдіскері Э.Куандыковаға жүктеймін.

4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналға бұрыштарды жаңарту. Ол әр топта ұйымдастырылған. Осы мақсатта, ата-аналар үшін ақпарат бұрыштар, балабақша, үшін қолайлы жақсы. Әр топтың ата- аналары туралы ақпаратты көрнекті жерде оларды орналастыру керек. Жаңа оқу жылына сай топтар жаңартылып ата-аналар комитеті қайта сайланып, ата- аналар бұрышына кестесі түзіліп ілінулі тұру керек. Топ тәрбиешілері солай жасап қойғандықтарын айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзыреттілігін меңгерт» тақырыбындағы А.Әзімова баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын жұмыстарын қадағалау Э.Куандыковаға жүктелсін.
3. Ертеңгілік сценарилерді бекітіліп, жұмыстар жүргізілсін.
4. Ата -аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жаңарту топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

Балабақша менгерушісінің У.М.А Ж.Каназарова

Хатшы:



Куандыкова

№2менгеруші жанындағы кеңес.

МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы

№2менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Өткізілу мерзімі: 28.12.2021ж

Қатысқандар саны: 27.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Көркем әдебиет арқылы балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу»
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау.
3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі - дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жетілдіру.
4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау. (барлық топтар)

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісінің У.М.А Ж.Каназарова менгеруші жанындағы кеңестің күн тәртібі мен таныстыруды.«Көркем әдебиет арқылы балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбында балабақша тәрбиешісі М.Тұтқабекова баяндамасы тындалды.

Қазіргі тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлер шақ туды. Эрине, бала тәрбиесі қай кезде де назардан тыс қалып қойған емес.Бірақ, бүгінгідей қоғамның аласапыран шағында адам баласын адамгершілік тәрбиеге баулу өте - мәте маңызды мәселе болмақ.«Көркем әдебиет арқылы балаларды рухани – адамгешілікке тәрбиелеу» бағытында мен 2021-2022 оку жылында ортаңғы тобы балаларымен жұмыс істей бастадым.Мен, мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын, ой – өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алдын орны ерекше деп ойлаймын.Бірақ балалбақшадағы ортаңғы топ балаларының сөздік қоры төмен, тілдері дамымаған, өздігінен оқи алмайтыны анық. Сондықтан осы мәселелерді шешу үшін алдыма мынандай мақсаттар қойдым:

1. Балалардың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу.
2. Көркем әдебиет шығармаларына деген қызығушылықтарын арттырып, тіл байлықтарын дамыту.
3. Бала бойына тамаша қасиеттерге, адалдыққа, мейрімділікке, имандылыққа , еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Осы мақсатымды орындау үшін, көркем әдебиет ұйымдастырылған оку қызметтерінде балалардың ертегіні байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіруде, ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, грамматикалық жағынан дұрыс байланыстырып, жүйелі әңгімелеп беруге үйрете бастадым. Тіл байлықтарын арттыру мақсатында және оқылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау негізінде күннің екінші жартысында осы

окыған ертегіні балалармен саҳналайдық. Мысалы: «Ақымақ қасқыр», «Мақта қыз берен мұсық», «Түлкі мен арыстан», «Дос іздеген бота», «Шал мен дәу» тағы да басқа ертегілерді балалар қызығушылықпен саҳналады. Олар өздерінің қалаған ертегілерін кейіптендірді, сөздерін жатқа айтып отырып, өзі қалап алған кейіпкерлердің көңіл - күйін, іс - әрекетін беруге тырысты. Ертегіні кейіптендіруде баланы дұрыс сөйлеуге, сөйлемді байланыстыра құрастырып айтуға көп назар аудардым. Мен өз жұмысымды қорыта келсем, балаларға күнделікті оқу, тәрбие процесінде, «жаман мен жақсыны» байқауды, оларға үлкендер тарарапынан берілген бағаны түсінуді, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеп, алдыма қойған мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Болашақта осы жұмысымды ары қарай жалғастырып, балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу үшін топта көркем әдебиет шығармалармен кітап бұрышын толықтыру, және саҳналауға арналған театр бұрыштарын жасақтап толықтыруды жалғастырамын деп өз ойын қорытындылады.

2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау бойынша балабақша әдіскері Э.Куандыкова Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашақ еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі жас ұрпақ, ұстаздар оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Және де халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет — жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздарға жаңа міндет қойған болатын. Сондықтанды әр педагог өзінің білімін жетілдіріп, іздену қажет. Дарынды, білімді, тәрбиелі тұлға қалыптастырудың біздің бөбекжайымыз білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп және жаңа инновациялық білім технологиясын менгерту деміз. Шығармашылық қабілеттің дамытуға бағытталған Триз технологиясы. Стандартпен мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған. Қорыта келгенде жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары ол жаңартылған Стандарт және Бағдарлама-дағы мектепжасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне қойылған талап-тарды жүзеге асыру болып табылады, жаңа инновациялық технологияларды оқу және іс-әрекет барысында қолдануымыз қажет.

3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі - дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жетілдіру бойынша балабақша тәрбиешілері: Д.Орынбасарова, Г. Таңсықбай, Б.Бегежан өз ойларымен бөлісе кетті. Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі — білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын менгеру. Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге менгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Балабақшада қолдануғатиімді технологиялар:

1. Монтессори технологиясы
2. Мнемо технологиясы
3. ТРИЗ (ӨТШТ) технологиясы
4. Денсаулық сақтау технологиясы

Ілімді игеру үстінде баланың ақыл-ойындастыруға, ғылыми білімді игертуге, деректерді естесақтауға әрбір оқуіс-әрекеті үстінде интерактивті тақтаны пайдалану қажет-ақ. Өйткені, берілген тақырып бойынша жаңа оқуіс-әрекеттің түсіндіру, өткен материалды қайталау не бекіту кезінде пайдалану әрбір оқу іс-әрекеттің әсерлігін және мазмұнын арттырып, балаға қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді. Интерактивті технологияны қолдану арқылы тәрбиеші мен бала арасында екіжақты байланыс орнайды. Тәрбиеші өзінің көзделген мақсатын атап діжолмен жетсе, бала тұлға болып қалыптасу жолындағы негізгі ікасietтерді бойына қалыптастырады.

Қорытындылай келе, бала өміріне немкүрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бұлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Міне, балаға отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Біздің басты мақсатымыз – отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу деп өз ойларын қорытындылады.

4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдаубарлық топтар бойынша балабақша әдіскері Э.Куандыкова 2021-2022 оқу жылының балалардың біліктері мен дағдылары дамуының аралық бақылау нәтижелері бойынша қорытынды талдау жасады. Барлық топтар бойынша I –деңгейде 50 бала. Яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 56%, II -деңгейде 26 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 28%; III -деңгейде 14 бала, яғни төмен деңгейдегі балалардың үлесі- 16% құрап отыр. Бұл дегеніміз балалармен әліде жұмысты жандандыру керек деген сөз. Орта, жоғары деңгейге балаларды көтеру керек әліде.

Жиналыс қаулы етеді:

1. «Көркем әдебиет арқылы балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу» тақырыбындағы М.Тұтқабекова баяндамасы өте жоғары деңгейде бағалансын, баспа сөз беттеріне жарияландын.
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін талдау қорытындысы бойынша жұмыстар жақсы деңгейде ұйымдастырылдын.
3. Педагогтар инновациялық технологиялар мен көрнекі -дидактикалық материалдар бойынша жұмыстар жүргізілсін.
4. Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау нәтижесі бойынша топтарды жұмыстар жүргізуін қадағалау балабақша әдіскері Э.Куандыковаға жүктелсін.

Балабақша менгерушісінің У.М.А.

Хатшы:

Ж.Каназарова

Э.Куандыкова



№3менгеруші жанындағы кенес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы №3менгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 15.02.2022ж

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаға ортамен таныстырудың дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық түрғыда келуі және оларды жинақтау қалыптастыру.
2. 8-Наурызжәне 22-наурыз «Жыл басы Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау.
3. «Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау (кіріктіру) жайлы ақпарат.
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы.

Тындалды:

1.Балабақша менгерушісінің У.М.А :Ж.Каназарова менгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырды.Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаға ортамен таныстырудың дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық түрғыда келуі және оларды жинақтау қалыптастыру бойынша балабақша әдіскері Э.Куандыкова сөз алды.Бақылау - табиғаттағы сезімдік түрғыдануәдісі, мақсатқа бағытталғанқабылдау, сезім мен тиімділіктің бірлігі көрінетін танымдық күрделі үрдіс. Ол табиғатпен, тіршілік объектілерімен, қоршаған орта мен тікелей байланыста болуды қамтамасыз етеді. Табиғи объектілер мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыру балаларды табиғат пен таныстырудың негізгі тәсілі болып табылады. Ұзак мерзімді бақылауларды ұйымдастыру - өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру ортасымен өзара байланыста болу, балалардың сол ортаға деген бейімділігін танудың алғышартты.Мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білугедеген қызығушылығын оята отырып, тәрбиеші оны табиғат пен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарға қамқор болуға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Табиғат әлеміне қамқорлық жасау мақсатында таным білім саласы, қоршаған орта бойынша: 1.«Судың маңызы» 2. «Құстартіршілігі», 3. «Ағаштар неге ашуланды». 4. «Үйжануарлары». 5. «Жылmezгілдері». Тақырыптарын да ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекіту туралы балабақша менгерушісінің У.М.А:Ж.Каназарова сөз алды . Ол алдағы уақытта ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының

2.8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс-шараларының жоспарын бекіту туралы балабақша менгерушісінің У.М.А:Ж.Каназарова сөз алды . Ол алдағы уақытта ұйымдастырылатын 8- Наурыз Аналар мерекесін, 22- Наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекелерінің іс- шараларының

жоспарымен таныстырды. Әрине бұл мереке өте ерекше мереке екенін, балабармен мен ата-аналар арасында ойындар ұйымдастыру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін ұлттық ойындар, көрмелер басқа да іс әрекеттер ұйымдастырса болады. Бірақта әрбір мерекені өткізгенде ешқандай бала назардан тыс қалмау керектігінде ескетті. Жоспары түзіліп, бектілді.

3. «Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау (кіріктіру) жайлыш ақпаратты балабақша тәрбиешісі А.Әзімова сез алды. «Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды менгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптастыру бойынша топ жасақталып, ұлттық негізді тәрбие беретін функцияны атқару бағытында толықтырылды.

Мен өз тобымның заттық кеңістікті дамыту ортасындағы бар заттарға диагностикалық құралдарды қолдану арқылы алынған зерттеу нәтижелерін талдау және түсіндіру ECERS-R шкалаларын қолдана отырып, зерделеу ұйымдастырдым. Зерделеу нысанына барлық заттар тізімін жасап, аналитикалық талдау жасадым. Заттық кеңістікте орналастырылған заттар білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға барлық бағытты қамтамасыз етеді. Дегенімен, робототехника бағытындағы заттар қарастырылмаған болғандықтан, мен лего конструкторлар, планшеттер мен біздің балабақшаға жаңадан алынған мультстудияны, құрылымдалған ойындарды енгіздім. Балалардың қызығушылығын арттыру мен танымдық дамуын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламалары мазмұны мен стандарт талаптары негізінде лего, виду роботобалаларға арналған бағдарламаларын жүктеп, балалардың планшеттік программалаудың таным білім беру саласының мазмұнаны сәйкес ойындар ұйымдастырдым. Ұйымдастырылған жаңа заттық-кеңістіктің балалардың дамуына әсерін бақылау мақсатында бақылау диагностикасы жүргізілді балалар бастанқыда робототехника арқылы білімді менгеруі бойынша қызығушылығы жоғары болғанымен сапасы төмен болды. Бұғаңға көрсеткіш бойынша сапа артып келеді деп сеніммен айта аламыз. Робототехника заман талабы. Оны менгерту баланың болашақта білім алуға құштарлығын арттырып, білім алудың сапасын арттыруға әсері мол екені айқын. Тек педагогтар шамадан тыс баланы жүктеуден аулақ болуымыз керек.

4. Тамактандыруды ұйымдастыру сапасы жайлыш балабақша медбикесі Н.Тастанова баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамактануға тікелей байланысты. Ағзаға витамиnder, минералдар және басқа да пайдалы микроэлементтердің жеткілікті мөлшерде түсін қамтамасыз ету үшін теңдестірілген әр түрлі диета мүмкіндік береді. Балалар мәзірінде жануарлар мен өсімдіктерден алынған өнімдер болуы керек. Өнімдерді дұрыс таңдау, оларды өндеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді, тағамдық қоспаларды қолданудың орындылығын жояды.

Балабақшалардағы дұрыс тамактанудың негізі - р.к. қаулысымен бекітілген нормалар. Тамактануды ұйымдастыруға қойылатын талаптар "мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар" мемлекеттік құжатын да көрсетілген

және әртүрлі жастағы топтар үшін olandың нормалары бар. Егер сіздің балаңыз 1 жастан 3 жасқа дейін болса, оған күніне орта есеппен 53 грамм ақуыз, 53 грамм қажет. майлар мен 212 г көмірсулар, ал 3 жастан 6 жасқа дейін - сәйкесінше 68 г. ақуыз, 68 грамм май және 272 грамм. Көмірсулар болу керек.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектепке дейінгі сәбілерді қоршаға ортамен таныстыруды дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық технологияны қолдану балабақша тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. 8-Наурызжәне 22-наурыз «Жыл басы Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын қадағалау балабақша әдіскері Э.Куандыкова жүктелсін.
3. «Таным» және «Әлеумет» білім саласын интеграциялау ұйымдастырылған оқу қызыметерінде пайдалансын.
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын қадағалау медбике Н.Тастанова жүктелсін.

Балабақша менгерушісі:

С.К.Дүйсебекова.

Хатшы:

Э.Куандыкова.



№4 мәнгеруші жанындағы кенес.

МКҚҚ «Қарлығаш» бөбекжай балабақшасының 2021-2022 оку жылындағы №4 мәнгеруші жанындағы кеңестің хаттамасы.

Откізілу мерзімі: 20.04.2022 ж

Катысқандар саны: 28.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Откен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын бекіту.
- 3: Жазғы дене шынықтыру, балаларды қорғау күні мерекелерін бекіту, Астана күніне балалар фестивалін ұйымдастыру.
4. Дене тәрбиесі шынықтырудың маңызы және өту сапасы.
5. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашудың дайындық деңгейі.

Тындалды:

1. Балабақша менгерушісі С.Дүйсебекова бүгінгі менгеруші жанындағы кеңесте қаралатын мәселелермен таныстырып, откен кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы есебін сұрады. Откен кеңестің шешімі бойынша жұмыстар жүргізілгенің балабақша әдіскері Э.Куандыкова жұмыстар оң нәтиже көрсеткендігін айтты.
2. 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын балабақша менгерушісі С.Дүйсебекова бекітті. Ол мерекені ұйымдастыру кезінде барлық талаптарға сай топтардың жас ерекшеліктерін ескере келе жоспар жжасалуын, балалардың мерекеге сай киінуі, залдың безендірілуі барлығы назардан тыс қалмау керектігін ескертті. «Қош бол, балабақша» мерекелік іс – шарасы «Балдәурен» ересек тобының тәрбиешілері Д.Орынбасарова мен Қ.Тоқсанбаеваға өткізілуін жүктеді.
3. Жазғы дене шынықтыру, балаларды қорғау күні мерекелерін балабақша менгерушісі С.Дүйсебекова бекітті: Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласуда көнілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады. Астана күніне балалар фестивалін ұйымдастыру жоспарын жасап келуді балабақша әдіскері Э.Куандыковаға тапсырды.
4. Дене тәрбиесі шынықтырудың маңызы және өту сапасы жайлы мейірбике Н.Тастанова өз есебін берді.Шынықтыру шараларын жүйелі түрде жүргіз отырамын. Узу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да, шынықтырудың

жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттөрі күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс. Денсаулық табиғаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сұруіне байланысты екенін есте сақтай отырып жүргіземін. Баланың дene құрылышын шынықтырушы іс-шаралар балаға ұнап, жақсы эмоция тудыруы мүмкін. ылдың барлық мезгілдерінде балалардың денсаулығына рационалды тамақтануына ерекше көніл бөлінуде. Байқап отырғанымыздай, бүгінгі таңда педагогтар мен тәрбиешілерде тәрбиенің тәсілдері мен әдістері, сондай-ақ бүкіл тәрбие бағдарламаларын сарапалауды, оған белгілі бір жаңалықтар енгізуіндіктері мол.

5. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашудың дайындық деңгейі бойынша «Балдырган» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б.Бегежан. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ессекере отырып, құн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі үйымдастырылған іс – әрекеттері арқылы жүзеге асырып отырамыз. Саут ашудың алғы шарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау арқылы балалар берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауды деп ойын қорытындылады.

Жиналыш қаулы етеді:

- 1-мамыр, 9- мамыр , «Қош бол , балабақша» мерекелерінің іс – шарасының жоспарын бекітілсін.
- 2: Жазғы дene шынықтыру, балаларды қорғау құні мерекелер бекітілсін. Астана қуніне балалар фестивалін үйымдастыру балабақша әдіскері Э.Куандыковаға жүктелсін.
3. Денесаулық жайында іш-шаралар үйымдастыру жұмыстары мейірбике Н.Тастановаға жүктелсін.
4. Коммуникативтік дағдылар бойынша сауат ашу негіздері бойынша топ тәрбиешілері Д.Орынбасарова мен К.Тоқсанбаева жұмыстар жасау міндеттелсін.

Балабақша менгерушісі:

С.К.Дүйсебекова

Хатшы:

Э.Куандыкова

